

МКҚК «Сарқан политехникалық колледжі»

әдістемелік кеңесі отырысының

№1 ХАТТАМАСЫ

« 28 » тамыз 2025 жыл

Қатысқандар: 38 адам

Қатыспағандары: жоқ

Күн тәртібінде:

1. Әдіскердің 2024-2025 оқу жылының талдауы. Педагогтар рейтингісі.
2. 2025 – 2026 оқу жылына арналған колледждің әдістемелік жұмысын жетілдірудің, ПЦК жұмысының жоспарларын бекітуге ұсыну. Оқу-әдістемелік құжаттаманы дайындау бойынша жұмысқа қатысу, бақылау, оқу-жоспарлау жұмыс құжаттамасын бекітуге ұсыну; (А.К.Ахметжанова, ПЦК жетекшілері)
3. Әдістемелік кеңес мүшелерін сайлау, жұмыс жоспарын талдау, бекітуге ұсыну.
4. ПЦК төрағаларын сайлау, құрамын бекітуге ұсыну. (П.А.Имангазиева)
5. Аттестаттау комиссия мүшелерін құру; (А.Ахметжанова)
6. Жас мамандарды анықтау, тәлімгер сайлау, құрамын бекітуге ұсыну. (П.А.Имангазиева, бөлім меңгерушісі, әдіскер)
7. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасын оқу - тәрбие үрдісінде іске асыруды қамтамасыз ету. (А.О.Омирбекова)

Тыңдалды: Күн тәртібінің **бірінші** сұрағы бойынша колледж әдіскері А.Ахметжанова 2024-2025 оқу жылының әдістемелік жұмысының қорытындысын қысқаша баяндап өтті: 2024-2025 оқу жылына әзірленген әдістемелік жұмыс жоспары бойынша жұмыс жүргізілді. Біліктілік арттыру курстарынан 14 педагог өтіп сертификат алды. Педагогтың білімін бағалау тестілеуінен 9 педагог тіркеліп, тестілеуден 1 оқытушы Р.К.Ақыбаева. педагог-модератор біліктілік санатына өтті. 1. 2025ж Абай Құнанбаевтың 180 жылдығына арналған облыстық "Ми BATTLE" зияткерлік ойынында өз білімдерін жоғары деңгейде көрсеткен колледж студенттері Мейрамғали Кенжелағи І дәрежелі, Сибегатулина Амина ІІІ дәрежелі дипломдарға ие болды. Жетекшісі Мусабаева Ж.С

2. 2025ж Қызмет көрсету саласының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері арасында «Аспаздық іс» құзыреті бойынша облыстық кәсіби шеберлік конкурсына қатысып өндірістік оқыту шебері А.А.Бондаренко «Өз кәсібінің маманы» номинациясына ие болды.

3. 2025ж Жетісу облысының білім басқармасының ұйымдастыруымен өткен Жетісу облысының техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының студенттері арасында өткен Аспаз-ісі құзіреттілігі бойынша «WorldSkills Kazakhstan» стандарттарын қолданатын облыстық кәсіби шеберлік байқауында өндірістік оқыту шебері А.А.Бондаренконың жетекшілігімен колледж студенті Давыдов Александр Михайлович қатысып ІІ орын иеленгені үшін ІІ дәрежелі дипломмен марапатталды;

4. 2025ж.Талдықорған қаласында өткен Жетісу облысының аймақтық кәсіби шеберлік чемпионаты«WorldSkills Zhetysu-2025" қатысып, әр құзіреттілік бойынша сайысқа түсті. Атап айтсақ ««Аспазшы» құзіреттілігі бойынша жүлделі 2 орынды Давыдов А марапатталып, диплом және күміс медалімен жеңіске жетті, «Дәнекерлеу ісі» құзіреттілігі бойынша Корякин Александр жүлделі ІІІ орынды иеленді. Шаштараз стилисті»құзіреттілігі бойынша Ткачева Кристина, «Әмбебап тігінші»құзіреттілігі бойынша Плешкова Виктория және «Электрмонтаждаушы» құзіреттілігі бойынша Даулен мұрат «Үздік маман» номинациясы дипломдары мен медальондарымен марапатталды.

5."Автокөлік құралдарына техникалық қызмет көрсету, жөндеу және пайдалану" мамандығы бойынша "Жұмысшы мамандығы-2025" аясында өткен "Жас автомеханик"байқауында ІІІ орын алғаны үшін 3 курс студенті Сагиев Алим Самгатович грамотамен марапатталды.